


БЕНЦ КАРЛ

(25.11.1844-4.4.1929)







Карл Бенц 25.11.1844 жылы Германияның Карлсруэ қаласында дүниеге келген. дәл осы жылы Фюрт пен Нюрнберг темір жол желісінің қосылған жылы болды. Ал 15 жылдан кейін әлем іштен жану қозғалтқышы жайлы естиді. Оны Бельгияда Этьен Ленуар құрылымдап шығады.

Бэнцтың балалық және бозбала шағы Карлсруэ қаласында өтті. Оның әкесі локомотив жүргізушісі болып жұмыс істеді, кейін баласы екі жаста болғанда қаза табады. Карлдың оқу үлгерімі жақсы болды. Политехникалық университетті аяқтағаннан кейін ол бу машиналарын шығаратын ұйымда сызбашы болып жұмысқа тұрады. Кейін ол Мангеймде орналасқан болат құю зауытына жұмысқа ауысады. Онда бас механик болып, кейін Пфорцхаймға конструкторлық бюроға бас инженер болып ауысады.






1871 жылы Мангеймде шағын құю өндірісі ашылады, оның негізін Карл Бенц пен Август Риттер қалайды. Алайда серіктестің айла-шарғысынан кейін (Август Риттердің) біріккен бизнестері қиын кезеңдерді бастан өткереді. Оны банкроттықтан қалыңдығы Берта Рингер құтқарады. Ол жасау болып келген қаражатын оның қарызын өтеп, Карлды осы өндірістің жалғыз иесі етеді. Қарызды қайтарған Бенц кәсіпорынның жалғыз егесі болып қалады. Бірақ ол кезекті дағдарыстан бас көтере алмай, қайтадан құлдырайды. Банкротқа ұшыраса да Бенцтің жігері жасымайды, оның айналысып жатқан жалғыз ісі іштен тұтанатын қозғалтқыш болады. Ал 1878 жылы Карл Бенц өзі жасаған бірінші екі тактілі қозғалтқышты патенттейді. Бір жыл өткеннен кейін ол Мангеймнен шыққан тағы екі бизнесменмен бірге өндірісті бастап кетеді. Алайда ол серіктестерімен тағы да дұрыс байланыс орната алмай, 1883 жылы өз фирмасын құрады. Осыдан кейін өндірісі қалпына келтірілгеннен кейін жалғыз ғана арманы – көлік құралын жасауға кіріседі.





Бұл кезде көптеген өнертапқыш автомобиль жасау идеясымен әлек еді. Ұлты француз Николя-Жозеф Кюньо өздігінен жүре алатын көлік құралын жасаған тұңғыш өнертапқыш. Бұл оқиға 1769 жылы болды. Бұл көлік бу қозғалтқышының арқасында қозғалды. Эдуард Делямар-Дебутвиль болса іштен жану қозғалтқышы бар көлік құралын жасаған тұңғыш ғалым. 1884 жылы ол газ қозғалтқышын құрастырады, бұл қозғалтқышты ол үш дөңгелегі бар автомобильге орнатады. Бір өткеннен кейін осы айтылғандардың ойлағанын Карл Бенц жүзеге асырады. Ол басқаруға болатын, іштен жанатын төрт тактілі қозғалтқышы бар көлік құралын бірінші болып жасайды. Оның қаңқасы қарапайым арба болды. Бұл автомобиль құрылысын бастап берген әлемдегі жалғыз автомобиль болып тіркелді. 1886 жылы Бенц өзі жасаған өнертабыстарына патент алғаннан кейін көптеген көрмелерге белсенді түрді қатыса бастайды. Бірақ журналистердің мақтау мақалалары автомобильдердің саудасын қыздыра түспейді. Мұнда да оның әйелі іске араласады. Берта таңдардың бірінде ұйқыда жатқан Бенцті оятып алмай, гараждан үш дөңгелекті машинаны шығарып алып, балаларымен бірге Мангеймнен Пфорцхеймге аттанады. Олар жүз шақырымдай жерді жүріп өтеді. Бұл ісімен ол күйеуінің керемет өнертапқыш екенін дәлелдеп бермекші болады. Оның үстіне, осылайша автомобиль өндіру ісінде бірінші жарнама компаниясы болып өтеді.



Бенцтің әйелі бұл қашықтықты 14 сағатта жүріп өткен. Пфорцхаймға жеткенде ол күйеуіне осы оқиғаны толық баяндап, телеграмма жолдайды. Ал Бенц болса автомобильдің жоқтығын көріп, оны біреу ұрлап кеткен деген тұжырымға келіпті. Осы оқиғаны газет-журналдар жазып шыққаннан кейін Карлдың өнертабыстарына тапсырыстар келіп түсе бастады. 1889 жылдың өзінде елу автомобиль сатылып кеткен!





Шабыттана түскен Бенц 1893 жылы төрт дөңгелекті жаңа автомобильді құрастырып шығарады. Осы көліктің 600 данасы 1901 жылға дейін сатылып кеткен. Осылайша, автомобильдерді өндіріп, сата бастаған бірінші компания - Benz & Co. Компанияны Карл Бенц басқарды.



***НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!***